өткізілетін «Шексіз шығармашылық» республикалық байқаудың «Шексіз әлем балалар көзімен» Амангелді Ақжол І дәрежелі диплом
 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың арасында
 Республикалық «Жұлдызай» шығармашылық фестиваль-байқауының облыстық қатысып, шығармашылық қабілетін жоғары дәрежеде көрсеткені үшін Отарова Айсауле ІІІ дәрежелі диплом

«Ризашылық- мейірімділік бұлағы » жалпы ұлттық мәдени-білім беру жобасы аясындағы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың арасында қашықтықтан өткізілетін «Шексіз шығармашылық» республикалық байқаудың «Шексіз әлем балалар көзімен» Отарова Айсауле ІІ дәрежелі диплом

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың арасында Республикалық «Жұлдызай» шығармашылық фестиваль-байқауының облыстық кезеңіне қатысып, шығармашылық қабілетін жоғары дәрежеде көрсеткені үшін ІІ дәрежелі диплом иегері Құттымұратова Ханшайым .

3. Білім алушылар контингенті Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

№	Контингенттің құрылымы	2022-2023		2023-2024		2024-2025	
		Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны
	«Құрман орта мектебі» КММ	11	181	11	162	11	157

Құрман орта мектебінде жылма жыл білім алушылардың саны төмендегені байқалады.

Себебі ауыл тұрғындарының басқа елді мекендерге қоныс аударуы әсер етуде. Мектепке қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен (02.11.2018ж №61 І өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.

«Құрман орта мектебі» КММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70-

тармағының сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы туралы 2- қосымшасында көрсетілген жалпы білім беретін ұйымдар үшін сыныптарды толтыру 25 оқушы нормаларының сақталуы бойынша 2022-2023 оқу жылында Құрман орта мектебінде 1-11 кластар бойынша 11 сынып комплекті жасақталып 181 білім алушы оқыған. Яғни әр класта толымдылығы бойынша 10- 22 баладан келген.

2023-2024 оқу жылында 1-11 кластарда 11 класс жиынтығында 164 білім алушы оқыған ал толымдылығы бойынша 9 - 25 баладан келген.

2024-2025 оқу жылында 11 класс комплектіде 157 білім алушылар контингентін құрады. Әр класс-комплектіге 8 -22 білім алушыдан келіп, сынып толымдылығына қойылатын талаптар сақталған.

Оқу жылы	Барлық оқушы Жыл басында	Сыныптар											Оқушы Саны жылдың аяғы	динамика
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11		
2022-2023	181	10	21	17	14	12	22	16	18	22	11	18	182	+1
2023-2024	164	9	7	21	15	12	12	20	16	18	25	9	160	-4
2024-2025	157	11	10	8	19	16	12	9	20	16	14	22		

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Құрман орта мектебі бойынша

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындағы контингент қозғалысы

Оқу жылдары бойынша	Жыл басында	1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		10-11 сыныптар		Жыл аяғында
		келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	
2022-2023	181	0	0	0	0	0	1	182
2023-2024	164	1	0	0	2	0	3	160
2024-2025	157	0	0	0		0	0	157

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-тендік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі жазға уақытта басқа елді мекендерге қоныс аудару болып тұр.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар: -білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

Зерделеу барысында:

2022 - 2023 оқу жылында «Құрман орта мектебі» КММ контингент 1-11 сыныпта 11 класс жиынтығында – 182 оқушыға білім берілген.

2022-2023 оқу жылында «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына ((ҚР ОА министрінің 2022 ж 09.09. №394 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) енгізілген өзгерістермен толықтырулар негізінде мектеп алды даярлық сыныбы үшін 3-қосымша алынды. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12 тамыз 2022 жыл №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 сыныптар үшін; 6-қосымша 5-9 сыныптар үшін; 86-қосымша 10-11 сыныптар үшін оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары жасалған.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, жалпы орта білім беруге 70 сағат, барлығы 320,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

2022-2023 оқу жылы оқу мерзімінің 36 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған.

Сабақ кестесі:Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kundelik kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған.Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

2023-2024 оқу жылы бойынша

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2023 ж 18 тамыздағы №264 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 сыныптар

үшін; (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12 тамыздағы №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 6-қосымша 5-9 сыныптар үшін; (ҚР ОА министрінің 2022 жылғы 30қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 86-қосымша 10-11 сыныптар үшін оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленген.

2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, жалпы орта білім беруге 70 сағат, барлығы 320,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған вариатив компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген. 10 -11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған.

2024-2025 оқу жылы

бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, жалпы орта білім беруге 70 сағат, барлығы 320,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған вариатив компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген. 10 -11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылуда.

Жалпы қорытынды: Жалпы 2022-2024 жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kyndelik kz»2022-2023оқу жылы, 2023-2024,2024-2025оқу жылдары “BILIMCLASS” электрондық журнал пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша

аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:

2022-2023 оқу жылы бойынша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары kundelik.kz-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар ,барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар kundelik.kz-те толтырылған.

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мәліметі

Оқу жылдары	Үйде жеке тегін оқытылған оқушылар саны			Инклюзивтік оқытылған оқушылар саны			Барлығы
	1-4кл	5-9кл	10-11кл	1-4кл	5-9кл	10-11кл	
2022-2023оқу жылы	1	1	0		2		4
2023-2024оқу жылы	1	1	0		1		3
2024-2025 оқу жылы	1	1	0		1		3

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың есепке ала отырып жұмыс оқу жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған.

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған

Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру.

Үйден оқытуға балаларды қабылдауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына 3-қосымша "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы басшылыққа алынған.

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылында барлығы 2 оқушыға дәрігерлік-кеңес комиссиясының және психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындылары негізінде үйде жеке оқыту ұйымдастырылған.

2022-2023 оқу жылына денсаулығына байланысты 2 білім алушы үйден оқытылған. Олар:

1) *3 сынып оқушысы Кенжегалиева Айсауле Бекзатовна* «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорытындысы, Ойыл ауданының білім бөлімінің 26 тамыз № 587 бұйрығы негізінде Ойыл аудандық ауруханасының 7 қыркүйек №459. бұйрығы дәрігерлік консультациялық комиссиясының қорытындысы негізінде үйден оқыту ұйымдастырылып, бұйрық шығарылған. 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытылатын орташа ақыл-ой кемістігі бар үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспарына» сәйкес жұмыс оқу жоспары құрылып. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген.

Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 3 сыныбында 8 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

2) *7 сынып оқушысы Отарова Айсауле Нұрдәулетқызы* Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорытындысы, Ойыл аудандық ауруханасының №458 . 6 қыркүйек 2023 жылғы қорытындысы, Ойыл ауданының білім бөлімінің 26 тамыз № 587 бұйрығы негізінде үйден оқыту ұйымдастырылған.

«ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген 9 қосымшаға сәйкес «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» негізінде «Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жоспарына сәйкес барлығы сағат жүктеме тағайындалған. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген.

Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 7 « сыныбында 10 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылына денсаулығына байланысты 2 білім алушы үйден оқытылған. Олар:

4 сынып оқушысы Кенжегалиева Айсауле Бекзатовна «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің «Ойыл аудандық ауруханасы» дәрігерлік –консультациялық комиссиясының қорытындысына « Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорытындысы , Ойыл ауданының білім бөлімінің 31 тамыз № 626 бұйрығы негізінде Ойыл аудандық ауруханасының 7 қыркүйек 2023 жылғы №281. бұйрығы дәрігерлік консультациялық сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған.

2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 4 қосымша 11 тарау Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына Білім және ғылым бағдарламасымен оқытылған. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 8 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

Сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жоспарына сәйкес барлығы 8 сағат жүктеме тағайындалған.

8сынып оқушысы Отарова Айсауле Нұрдәулетқызы Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорытындысы , Ойыл аудандық ауруханасының № 284 . 8 қыркүйек 2023 жылғы қорытындысы , Ойыл ауданының білім бөлімінің 31 тамыз № 626 бұйрығы негізінде үйден оқыту ұйымдастырылған.

«ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 55 қосымша сәйкес «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» негізінде

«Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жоспарына сәйкес барлығы 18 сағат жүктеме тағайындалған.

Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген.

Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 8 « сыныбында 18 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

2024-2025 оқу жылы:

2024-2025 оқу жылына денсаулығына байланысты 2 білім алушы үйден оқытылған.

Олар:

1) 5 сынып оқушысы *Кенжегалиева Айсауле Бекзатовна* Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің «Ойыл аудандық ауруханасы» дәрігерлік –консультациялық комиссиясының қорытындысына « Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорытындысы , Ойыл ауданының білім бөлімінің 31 тамыз № 626 бұйрығы негізінде Ойыл аудандық ауруханасының 7 қыркүйек 2023 жылғы №281. бұйрығы дәрігерлік консультациялық сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған. Үйден оқыту мұғалімі болып бастауыш сынып мұғалімі бекітіліп, оқу жоспарына сәйкес барлығы 8 сағат жүктеме тағайындалған

9 сынып оқушысы *Отарова Айсауле Нұрдәулетқызы* Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорытындысы , Ойыл аудандық ауруханасының № . 02 қыркүйек 2024 жылғы қорытындысы , Ойыл ауданының білім бөлімінің 31 тамыз № бұйрығы негізінде үйден оқыту ұйымдастырылған.

«ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 басқармасы» ММ «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорытындысы , Ойыл аудандық ауруханасының № 284 . 8 қыркүйек 2023 жылғы қорытындысы , Ойыл ауданының білім бөлімінің 31 тамыз № 626 бұйрығы негізінде үйден оқыту ұйымдастырылған.

«ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 55-қосымшасына сәйкес жұмыс оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған.

Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 9 сыныбында 19 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

«2024 жылдың 02 қыркүйегінен бастап «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген.

Инклюзивтік білім беру туралы:

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында ҚР «Білім туралы» Заңының 11 бабы 14 тармақшасы негізінде және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуға деген құқығын іске асыру, олардың барынша дамуына, әлеуметтенуіне жағдай жасау және жан-жақты қолдау көрсету мақсатында білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес 2 оқушыға инклюзивті білім берілген. Білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасымен жеке қолдау арқылы білім алуы қамтамасыз етілген.

2022-2023 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 2 білім алушы білім алған.

1. Амангелді Ақжол Еркінұлы 5 сынып ПМПК № 23704 08.06.2022ж
2. Мамай Жанар Самғатұлы 5 сынып ПМПК № 23720 08.06.2022ж

2023-2024 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 1 білім алушы білім алған.

1. Амангелді Ақжол Еркінұлы 6 сынып ПМПК № 21178 26.05.202ж

2024-2025оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар бір білім алушы білім алған.

1. Амангелді Ақжол Еркінұлы 7 сынып ПМПК №23704 08.06.2022ж

2020-2023 жылдар аралығындағы мектептің ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастырудағы атқарған жұмыстары төмендегідей:

Білімге деген сұраныстары ерекше оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер оқу процесінде жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын қажетіне қарай бейімдеп, сабақты білімге деген сұраныстары ерекше балаларды оқытудың жеке тәсілдерін сабақтарында қолданып отырған. Сабақтарында пән мұғалімдері білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда өзгермелі жеке әдіс-тәсілдерді қолданып жеке қолдау арқылы бағалап отырады.

Педагог-психологі Ш. Тайборина, әлеуметтік педагог Э. Қалдыгулова Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен бекітілген “ Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары”- на сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда. Мектептің әлеуметтік педагогы Э. Қалдыгулова ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып, тұрмыс-жағдайын бақылауға алған, зерделеу актілері жинақталған.

Мектеп психологі,әлеуметтік педагог психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда пән мұғалімдеріне кеңестер беріп, көмек ұйымдастырып отырған. Мектептің әлеуметтік педагогы Э. Қалдыгулова ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып «Қайырымдылық», «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акциялар арқылы балаларға көмектер берілген, отбасындағы балалардың тұрмыс-жағдайын үнемі барып бақылап актілеп отырады.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың мектепте білім алуын ұйымдастыруда мектеп әкімшілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алған.

Білім беру барысында ұстаздардың барлығы сабақ жоспарларына ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арнап тапсырма беріледі және тапсырма талданып формативті бағалаулар жүйесі негізінде бағаланады.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру

Зерделеу нәтижесі бойынша 2022-2022, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативтік компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды. Вариативтік компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

2022-2023 оқу жылы бойынша «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына ((ҚР ОА министрінің 2022 ж 09.09. №394 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) енгізілген өзгерістермен толықтырулар негізінде мектеп алды даярлық сыныбы үшін 3-қосымша алынды.

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12 тамыз 2022 жыл №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 сыныптар үшін; 6-қосымша 5-9 сыныптар үшін; 86-қосымша 10-11 сыныптар үшін оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҮОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтік курстар жүргізілген.

1-4 сыныптарға вариативтік компонентінен математика пәнінің логикалық ойлауын, жылдам есептеу дағдысын қалыптастыру үшін «Математика және логика» аптасына 1 сағаттан жүргізілген.

2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптарға

«Жаһандық құзыреттер» курсы енгізілді. Курстың мазмұны зерттеу дағдыларын дамытуды және қажетті өзекті ақпаратты іздеуді, сыни ойлау мен рефлексияны, коммуникативтік құзыреттілікті қамтиды. Курстың бес бірлігін қамту мақсатында:

5 сыныпқа «Парасатылық және әдеп»- 0,5 сағат

6 сыныпқа –«Экология»-0,5сағат

7 сыныпқа – «Эмоционалдық интеллект және сыни ойлау» -0,5 сағат

8 сыныпқа «Медиасауаттылық»-0,5 сағат берілген.

9 сыныпқа вариативтік компоненттен ҚР Білім мен ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша «Зайырлылық және дінтану негіздері» 1 сағат жүргізілген.

Вариатив компонент есебінен 10-11 сыныптарда - 1 сағаттан Жаһандық құзыреттілік (Кәсіпкерлік және бизнес негіздері) оқытылған.

10 сыныпқа *элективті курстар есебінен* ағылшын тілінде еркін сөйлеу жолдарын қарастыруға, білімдерін тереңдетуге оқушыларды бағыттау мақсатында 1 сағат

«Елтану» курсы оқытылған. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық (тақырыбы: «Сапта жүру элементтері») 1 сағат беріліп, жүргізілген.

11 сыныпқа *элективті курстар есебінен* оқушылардың орыс тіліне деген психологиялық кедергілерін жою мақсатында 1 сағат «Стилистика русского языка» курсы оқытылған.

Сыни ойлауды дамыту, мәтінмен жұмыс жасауды үйрету мақсатында қазақ тілі пәні бойынша «Эмоционалдық интеллект және сыни ойлау» тақырыбында 1 сағат оқытылған.

2023-2024 оқу жылы бойынша

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына ((ҚР ОА министрінің 2022 ж 09.09. №394 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) енгізілген өзгерістермен толықтырулар негізінде мектеп алды даярлық сыныбы үшін 3-қосымша алынды.

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2023 ж 18 тамыздағы №264 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 сыныптар үшін; (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12 тамыздағы №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 6-қосымша 5-9 сыныптар үшін; (ҚР ОА министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 86-қосымша 10-11 сыныптар үшін оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҮОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтік курстар жүргізілген.

1-4 сыныптарға вариативтік компонентінен балаларды есте сақтаудың түрлеріне, қиял мен зейінді қалыптастыруға дамыту, жаңа шешімдерді іздеу, қажетті нәтижеге жету, ерекше тәсілдерін табу дағдысын қалыптастыру үшін «Математика және логика» аптасына 1 сағаттан жүргізілген.

Оқушылардың ана тілі пәніне қызығушылығын, ынтасын арттырумен қатар олардың ана тіліне сауаттылығын қалыптастыруға жағдай жасау мақсатында вариатив компонентінен 2 сыныпқа 1 сағат «Жұмбақтар сандықшасы» курсы оқытылған. Жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру, оқушылардың жергілікті, өңірлік, ұлттық жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту мақсатында 2023-2024 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5,6,7,8 сыныптарға 0,5 сағаттан бөлінген «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізіліп өткізілген.

Білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған «зайырлылық» принципін құндылық, яғни мемлекет баяндылығының басты тұғыры ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету мақсатында *9 сыныпқа* вариативтік компоненттен 1 сағат «Жаһандық құзыреттер» курсы жүргізілген.

Вариатив компонент есебінен 10-11 сыныптарда - 1 сағаттан Жаһандық құзыреттілік курсы оқытылған.

10-сыныпта вариативті компоненттен 3 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру мақсатында 1 сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсы өткізілген.

Элективті курс бойынша білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге қызығушылықтарын арттыру мақсатында 1 сағат Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша оқу -дала жиыны курсына жүргізілген..

10 сыныптағы 1 сағат «Focus on grammar» таңдау курсына бөлініп,өткізілген. Мақсаты ағылшын тілі пәнінің оқушыларды ағылшын тілінде сөйлемдерді қатесіз құруға, ағылшын тілінен өз мүмкіндіктерін көрсете білуге ықпал ету, белгілі бір дәрежеде жүйелі, грамматикалық қатесіз сөйлей білуге, диалог түрінде сөйлесе білуге үйрету.

11-сыныпта вариативті компоненттен «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың білім алушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік тұрғыда ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру мақсатында 1 сағат «Жаһандық құзыреттілік»курсы өткізілген.

Ағылшын тілінің тілдік қызметін жүйелі меңгерген коммуникативтік біліктілігі дамыған, дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу және оқушылардың білім,білік дағдысын қалыптасыру мақсатында «Практикалық грамматика» таңдау курсы аптасына 1 сағат көлімде жүргізілген.

11 сыныптар үшін «Стилистика русского языка» бөлінген 1 сағат оқушылардың жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін еркін сөйлеу шеберлігін жазбаша түрде дамыту және жазылым дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізілген.

2024-2025 оқу жылы бойынша

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына ((ҚР ОА министрінің 2022 ж 09.09. №394 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) енгізілген өзгерістермен толықтырулар негізінде мектеп алды даярлық сыныбы үшін 3-қосымша алынды.

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2024 ж 08 ақпандағы №27 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 сыныптар үшін; (ҚР ОА министрінің 2023 ж 26 қазандағы №323 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 6-қосымша 5-9 сыныптар үшін; 86-қосымша 10-11 сыныптар үшін оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар

комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҮОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтік курстар жүргізілген.

1-4 - кластарда вариативтік компоненттен «Математика және логика» аптасына 1 сағаттан математика пәнінің оқушылардың логикалық ойлауын, жылдам есептеу дағдысын, математикалық қабілетін анықтау және дамыту қалыптастыру үшін жүргізіледі.

2-кластағы вариативтік компоненттен «Жұмбақтар сандықшасы» аптасына 1 сағаттан балалардың сауатын ашу, болашақ ұрпаққа терең білім мен өнегелі тәрбие беру мақсатында берілген.

5-8 кластар бойынша білім алушылардың жаһандық оқиғалар мен олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін қалыптастыру мақсатында аптасына -0,5 сағаттан вариатив компонентінен «Жаһандық құзыреттілік» курсы берілген.

Білім алушылардың өзіндік мәдени бірегейлігін түсінуге және әлемнің мәдени әртүрлілігін түсінуге ықпал ететін құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында вариативтік компоненттен 9 сыныпқа аптасына 1 сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсы берілген.

Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен **10,11 сыныптарға** таңдау курсы есебінен білім алушыларға жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс қимыл мәселелерін түсінуді, әр түрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру мақсатында «**Жаһандық құзыреттілік**» тақырыбына 1 сағаттан курс берілген.

Элективті курс бойынша білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге қызығушылықтарын арттыру мақсатында 10 сыныпқа 1 сағат Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша оқу -дала жиыны курсы берілген.

Ағылшын тілі пәнінің оқушыларды ағылшын тілінде сөйлемдерді қатесіз құруға, ағылшын тілінен өз мүмкіндіктерін көрсете білуге ықпал ету, белгілі бір дәрежеде жүйелі, грамматикалық қатесіз сөйлей білуге, диалог түрінде сөйлесе білуге үйрету мақсатында 10 сыныпқа 1 сағат «**Focus on grammar**» таңдау курсы бөлінген.

11-сыныпта вариативтік компоненттен 3 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың білім алушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік тұрғыда ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру мақсатында 1 сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсы өткізіледі.

Оқушылардың тілдік қызметін жүйелі меңгерген, коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу. Оқушыларға теориялық білім беру, оны практикада қолдану, бағдарламада жете тоқталмаған тақырыптарды қарастырып, сол негізінде оқушыларды білім, білік дағдысын қалыптастыру мақсатында 11 сыныпқа «Практикалық грамматика» атты курсына берілген.

11 сыныпта 1 сағат «Орфографическая зоркость» тақырыбындағы курс бөлінген. Курс оқушылардың пунктуация, орфография, стилистикадан алған білімдерін қорытындылау және сауатты жазу дағдыларын бекіту, оқушылардың жазбаша сөйлеуінің шеберлігін дамыту бойынша мақсат қойған.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсына оқу;

Зерделеу барысында: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша 2-тарау 25-тармақшасы 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

3-қосымша 4- тарау 56-тармақшасы "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

4-қосымша 4- тарау 50-тармақшасы және Әдістемелік нұсқау хатта «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі

Құрман орта мектебі бойынша "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсы жүргізу кезінде жылдық оқу жүктемелері орындалған. 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4 сыныптарда 10 сағат, 5-9 сыныптарда 15 сағат, 10-сыныптарда 12 сағат және 11-сыныптарда 16 сағат өткізілген.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру.

2022-2023 оқу жылдың 15 қыркүйектегі мектеп директорының «Жасөспірімдер арасындағы жол –көлік оқиғаларының алдын алу» № 23/1-н/қ бұйрығы негізінде «Жас жол инспекторлар» клубы құрылып , жоспарлы іс-шаралар өткізілген.

«Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» ролдік ойындары, «Жол қауіпсіздігі», "Жолда жүру ережесін біл және құрметте" тақырыптарында ақпараттық сағаттар.

"Қай жерлерден өтуге болады?" тақырыбында сынып сағаты, «Жол ережесін білейік,

аман – есен жүрейік» спорттық ойындардан жарыстар өткізілген. апталық жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілген. 1-8 сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік – тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар сынып сағаттарының тақырыбымен (1-4 сыныптарда 6 сағат, 5-8 сыныптарда 10 сағат) қосылып жазылған .

2023-2024 оқу жылының 2023 жыл 04 қыркүйектегі №45 бұйрығы бойынша «Жас жол инспекторлар» клубы жұмысын жалғастырып ,құрылған жоспар бойынша «Жол ережесін білесіңбе?» сынып сағаттары, «Бағдаршам тақырыбында жас суретшілер мн қолөнер шеберлер байқауы, «Жол ережесін білу бәрімізге міндет» МАИ қызметкерімен кездесу, «Жол жүру жүру белгілері мен таңбалары» викториналық ойындар, «Сақ болайық, көшеде» оқушылардың көшеде және жолда өзін-өзі ұстауы ережелері туралы дөнгелек үстел өткізілді. 1-8 сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік – тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар сынып сағаттарының тақырыбымен (1-4 сыныптарда 6 сағат, 5-8 сыныптарда 10 сағат) қосылып жазылған .

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемнің сәйкестігі және сақталуы:

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

2022-2023 ,2023-2024 оқу жылдарында 320,5 сағат

Жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкес

2022-2023 ,2023-2024 оқу жылдарын зерделеу барысында жалпы 320.5

сағат. Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 26 сағаттан, негізгі орта білім беруде

5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта –

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет. Әрбір білім беру ұйымының міндеті-ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

2022-2023 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аударылды:

- білім алушылардың білімін толықтыру;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.

«Құрман орта мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің

2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып құрылды.

Тәрбие жұмысы 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес 8 негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
7. Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болып табылады.

Тәрбие жұмысының жоспары Тәрбие тұжырымдамасының 8 (сегіз) бағытын «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының жеті құндылығымен ұштастыра отырып жүзеге асырылды.

7 басты құндылығымыз:

1. Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы.
2. Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.
3. Зайырлы қоғам және жоғары руханият.
4. Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.
5. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.
6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.
7. Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Сонымен қатар «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында көрсетілген атаулы даталарды: Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы, Роза Бағланованың 100 жылдығы, Қазыбек бидің 355 жылдығы, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығы, Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығы, Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығы, сабақтан тыс қызмет шеңберінде «Отбасы-орта мектеп», «Оқуға құштар мектеп», «Ерте жастан экологиялық мәдениет», «Қоғамға қызмет», «Ұшқыр ой алаңы», мектеп парламенті, «Жас Ұлан», «Жас Қыран», «Жас Сарбаз» балалар қоғамдастығы, «Дебат» қозғалысы, «Театр» сабақтары «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру» жобаларды басшылыққа алып, еріктілер тобының жұмысын жалғасып, туған өлкенің қасиетті жерлеріне саяхаттарды жалғастыру.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен әзірленген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негізінде жасалған «Өркендеу» жобасы негізінде «Әкелер», «Аналар» жұмысын жалғастырылып, ұйымдастырылды.

Негізгі басым бағыттарға қоса оқушы өмірінің қауіпсіздігі, балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу, балалар мен жасөспірімдер бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру, кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу, оқушылардың өзін-өзі басқару органы мен жұмысын ұйымдастыру, оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру, тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмыс, тәрбие жұмысын бақылау, тәрбие жұмысы жүйесінің мониторингілеу жұмыстары жүргізілді. Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта жүзеге асты.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айының 1-нен бастап, барлық білім беру мекемелерінде ұлттық құндылықтарға негізделген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілді. Мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Міндеттері: ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді және әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу. Құндылық, мінез-құлық, ішкі сенім, тұжырым жасау, шешім шығаруға керек негіз. Сондықтан да Біртұтас Ұлттық құндылықтарға АР-ҰЯТ құндылықтары арқылы білім алушылардың тәрбиесін ізгілендіруді мақсат негізделген тәрбие беру бағдарламасы кісілік келбетті айқындайтын ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, ТАЛАП, етеді. Қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық құндылықтарға негізделген біртұтас ұлттық тәрбие бағдарламасын мектепте іске асыру көзделеді.

Осы бағдарламаны іске асыру мақсатында алдымен педагогикалық ұжыммен, сынып жетекшілермен, мектеп оқушыларымен және олардың ата-аналарымен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» және «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсат, міндеттері мен құндылықтары бойынша түсінік берілді. Жаңа бағдарлама ұлттық тәрбие, ар-ұят, талап принциптеріне негізделіп құрылған.

Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отанын қадірлейтін және оның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық

ойлы, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу мақсатында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Ұлағатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды. Ұйымдастырылған шаралар барысында ар-ұят, намыс, адалдық, отаншылдық, жауапкершілік, әдептілік пен инабаттылық, мейірімділік пен бауырмалдық, отбасына сүйіспеншілік, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болу қасиеттері берік қалыптасқан жасампаз азаматты тәрбиелеу маңыздылығы ескерілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес жоба жетекшісі М.Наубетов «Оян, ар мен адалдық» атты тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік беріп, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, қайырымды т.б адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес жоба жетекшісі Л.Ниязова Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау мақсатында шара өткізді. Сонымен қатар «Ұлттық рух- тәуелсіздік тірегі» атты патриоттық тәрбие сағатын өткізді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы бойынша математика пәні мұғалімдері А.Булатова , А.Бердембаева «Қазақ есебі» челленджін өткізді. «Қазақ есебі» челленджі профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым, математик Жұмадилдаев Асқар Серкұлұлының авторлық есептерін шешуге арналды. Жоба жетекшісі .Кубенова.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес жоба жетекшісі А.Бердембаева 1-4 сынып оқушыларымен «Балалар үшін интернет қауіпсіздігі» атты таным сабағын өткізді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес жоба жетекшісі А.Бердембаева «Ғаламтордағы алаяқтық», «Алаяқтықтан сақ болыңыз!» тақырыбында ақпараттық стенд жасақтап, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. «Ғаламтордағы алдаудың ең көп кездесетін түрлері», «Абайлаңыз, алаяқтар!» атты жадынамалар таратты.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес 3 сыныпта жоба жетекшісі Қ.Қалиева «Мақал- сөздің мәйегі» тақырыбында сайыыс өткізді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес 3 сыныпта жоба жетекшісі М.Наубетов және сынып жетекшісі Р.Базарова «Өзінді мамандықтар әлемінде тап» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ғаламтор қауіпсіздігі» атты мектепішілік турнир өтті. Жоба жетекшісі А.Бердембаева. «Парасат» дебат клубының жетекшісі Г.Мединаева

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін негізгі факторларды айқындау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту мақсатында «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» атты мектепішілік турнир өтті. Жоба жетекшісі Г. Мединаева.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Оқуға құштар мектеп» челленджі өтті. Оқушылар өздері таңдаған сүйікті кітаптарынан үзінді оқып, басқа қатысушылармен ой бөлісті. Мақсаты:білім алушылардың кіткіп оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ғаламшар және ғаламтор» атты шара өтті. Жоба жетекшісі А.Бердембаева.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша құқықтық мәдениетті қалыптастыру және келеңсіз жағдайдың алдын алу мақсатында 5-8 сынып оқушыларымен педагог- психолог Ш.Тайборина «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында профилактика бағыты бойынша түсіндірме жұмысын жүргізді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша 10 сынып оқушыларымен «Жасөспірім және Заң»атты кездесу, пікірсайыс-кеш өтті. Мақсаты: оқушыларды заңды құрметтеуге, өз құқықтарын ғана емес, міндеттерін білуге насихаттау. Құқықтық сауаттылығын арттырып, қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға тәрбиелеу. Ата Заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да, әділетті парасатты тұлғаны тәрбиелеу. Шараға ұстаздар, ата-аналар, учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Д.Бисебаев қатысты. Кездесу барысында тапқырыптық көрсетілім бойынша оқушылар слайд арқылы өз ойларын білдірді. «Тығырықтан шығар жол қайсы?» ситуациялық жағдайларлы шешіп, сұрақтар қойды. Бейнеролик көрсетілді. Шара қорытындыланып, қонақтарға алғыс білдірілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Жеткіншектің жеті жарғысы» және «Адал ұрпақ» жобасы бойынша ТІЖО Б.Аманбаева және учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Д.Бисебаев құқықбұзушылықтың алдын алу,заңдарды сақтау, басқалардың құқықтарын құрметтеу, жауапкершілік сезімін қалыптастыру,

адамгершілікке, адалдыққа, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу мақсатында «Ұрлық түбі - қорлық» атты танымдық шара өткізді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Күй күмбірі» атты домбырашылар челленджі өтті. Мақсаты. Білім алушылардың рухани- адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, балалардың домбырада орындау өнерін насихаттау.

«Қоғамға қызмет» волонтерлер қозғалысын жүзеге асыру жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспары бойынша еріктілер тобы «Қамқорлық» акциясы негізінде мектеп ауласын тазарту жұмыстарын жүргізді.

2022-2023 оқу жылы бойынша класс жетекшілер туралы мәлімет

Барлығы	педагогикалық өтілі					біліктілік санаты			
	жоқ	1-3 ж	3-5 ж	5-10 ж	10 – нан жоғары	Педагог модератор	Педагог сарапшы	Педагог зерттеуші	Санаты жоқ
11	-	2	-		9	-	6	1	4

2022-2023 оқу жылы бойынша класс жетекшілердің семинарларға қатысу, біліктілігін көтеру кестесі

№	Аты-жөні	Семинардың тақырыбы	уақыты	Өткен орны
1	Ниязова Рима 4 класс жетекшісі	«Жеке тұлғаға бағытталған тәрбие жағдайында класс сағаты мен сыныптан тыс шараларды дайындау және өткізу» тақырыбында облыстық семинар, онлайн форматта. Zoom	04.11 2021 жыл	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы
2	Мединаева Гүлнар	«Ата- аналармен атқарылатын жұмыстың тиімді әдістері мен формалары» тақырыбында облыстық семинар, онлайн форматта. Zoom	28.01 2022 жыл	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы
3	Ананьева Алена	«Ата- аналармен атқарылатын жұмыстың тиімді әдістері мен формалары» тақырыбында облыстық семинар, онлайн форматта. Zoom	28.01 2022 жыл	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы

4	Жақсыбаева Алиса	«Мектеп пен ата – аналар клубының өзара қарым – қатынасын жақсартудағы тиімді әдістері»	25 март 2022 жыл,.	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы
5	Тлеубаева Гүлайым	«Бір сабақ. Бір мақсат. Нәтиже» (кіріктірілген сабақ) тақырыбында педагогтарға арналған аудындық семинар - практикум	22 сәуір 2022жыл	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының жоспарына сәйкес

2023-2024 оқу жылы бойынша класс жетекшілер туралы мәлімет

Барлығы	педагогикалық өтілі		біліктілік санаты					Класс жетекшілер мектебін бітіргендер саны
	1-3 ж	3-5ж	5-10 ж	25 – тен жоғары	Педагог модератор	Педагог сарапшы	Педагог зерттеуші	
11	1	2	1	7	-	5	1	2

2023-2024 оқу жылының I тоқсаны бойынша класс жетекшілердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі

	Аты-жөні	Семинардың тақырыбы	уақыты	Өткен орны
1	Мысағалева Асемгул Токешовна	Буллингтің алдын алу бойынша «Буллинг себептері, формалары, алдын алу»	19.09. 2023жыл	ҚР ЖШС «Өрлеу-РК» оқу орталығы
2	Ниязова Лаззат Ермекқызы	Буллингтің алдын алу бойынша «Буллинг себептері, формалары, алдын алу»	19.09. 2023жыл	ҚР ЖШС «Өрлеу-РК» оқу орталығы
3	Қабива Салтанат Орынбасаровна	Буллингтің алдын алу бойынша «Буллинг себептері, формалары, алдын алу»	19.09. 2023жыл	ҚР ЖШС «Өрлеу-РК» оқу орталығы

4	Қабива Салтанат Орынбасаровна	«Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері» республикалық онлайн курс	18.09-29.09. 2023жыл	«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
5	Ананьева Алена Константиновна	Буллингтің алдын алу бойынша «Буллинг себептері, формалары, алдын алу»	19.09. 2023жыл	ҚР ЖШС «Өрлеу-РК» оқу орталығы

Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:

Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат- ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың белсенділігін арттыру, ізденімпаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін дарын иесін тәрбиелеу керек. Жас жеткіншектердің бойындағы ерекше қабілетті дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар беру, оны сол бағытта жетелеу- ұстаз парызы.

Білім алушылардың қосымша білім беру ұйымымен қамтылуы

жылдар	үйірме саны	Оқушы саны	Үйірме аты	Жетекшісі
2022-2023 оқу жылы	1	38	күрес	Қуандықов Тілекжан
	Барлығы:	Барлығы: 38 оқушы		

Білім алушылардың үйірме және секциялармен қамтылуы

Барлық оқушы саны:182 Қамтылған оқушы саны: 160

Үйірмелер мен секцияларға қамтылған оқушылар- 87,9 %

2022-2023 оқу жылы	1	22	Терме (ақылы)	Серік Қожасаев
	2	24	Эстрада (ақылы)	Кубенова Жанар
	3	25	«Кітап- тарих,шежіре» (ақылы)	Қалиева Қарылға
	4	20	«Парасат» дебат (ақылы)	Мединаева Гүлнар
	5	26	«Театр- бала өмірінде» драма (ақылы)	Аманғалиева Ақмарал
	6	25	Волейбол (ақылы)	Асылбек Идиятов
	7	25	«Жас физик» (ақылы)	Кубаев Медеу

8	20	«Ақ қауырсын»	Ниязова Лазат
9	12	«Баскетбол» 5-11 кл	Артек Нұрқасов
10	25	«Жеңіл атлетика»	Асылбек Идиятов
11	20	«Футбол» 6-8 кл	Ержан Асылбаев

2023-2024 оқу жылы

Барлық оқушы саны:164 Қамтылған оқушы саны: 132

Үйірмелер мен секцияларға қамтылған оқушылар- 80,5 %

үйірме саны	Оқушы саны	Үйірме аты	Жетекшісі
1	24	Терме	Қожасаев Серік
2	24	Эстрада	Кубенова Жанар
3	24	Funny English	Шохпарова Алтынгұл
4	23	«Кітап- тарих,шежіре»	Қалиева Қарылға
5	25	«Волейбол»	Идиятов Асылбек
6	27	«Сахна таланттары» театр	Аманғалиева Ақмарал
7	25	«Жас физик»	Кубаев Медеу
8	23	«Парасат» дебат	Мединаева Гүлнар
9	15	«Үстел теннисі»	Нұрқасов Артек
10	16	«Ұлттық ойындар»	Ержан Асылбаев

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселе.

2022-2023 оқу жылы Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытындағы балалар мен жасөспірімдердің толық демалуларына танып білу, шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыруға,балалардың өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін дамытуға,ғылыми , техникалық, көркем шығармашылық, спорт, саяхат пен өлкетану және басқа да танымдық қызмет түрлеріндегі білім мен іскерліктерін артыруға жағдай жасау мақсатында 1 маусымнан бастап барлық білім беру мекемелерінде оқушылар үшін жазғы сауықтыру маусымы ашылды. Осы мақсатта Құрман орта мектебінде «ЖАЗ.BALA.FEST» жазғы демалыс алаңы өз жұмысын бастады. Жазғы демалыс балалардың жылдық бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке,өзі үшін қылықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең. Лагерь кез келген балаға өзін көрсетуге, өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі көрсете білудің жоғары деңгейіне жақындау мүмкіндігін береді. Жазғы сауықтыру маусымында лагерьде балалардың қабылдау дайындығын, өрт қауіпсіздігін, санитарлық- гигиеналық талаптардың бақылануы мен сақталуы қамтамасыз етілді.

Лагерьде 5-9.06.2023ж аралығында I ауысым бойынша 35 бала қамтылып, лагерьдің жұмыс регламенті,жоспары, жауапты қызметкерлердің лауазымдық міндеттері, оқушылардың өмір қауіпсіздігінің

жауапкершілігі, құжаттардың талапқа сай жүргізілуі, тізімі бұйрықпен бекітілді.Лагерьге келген әр оқушы өздерін жаңа қырларынан танытып, сабақта алған мәліметтерін өмірде қолдана білуге үйренді, жоспар бойынша шаралар уақытылы өткізілді.

12-16.06.2023 ж аралығында «ЖАЗ.BALA.FEST» жазғы демалыс алаңының II ауысымы өз жұмысын ұйымдастырды.Бұл ауысымда да 35 бала қамтылды.

26.06-03.07.2023 ж аралығында «ЖАЗ.BALA.FEST» аз қамтылған арнайы санат оқушыларына мектеп жанындағы дәруменді тамақпен қамтылған лагерь ұйымдастырылып, оған 30 бала қамтылды. Мақсаты: балалардың бос уақытын тиімді пайдалануына тиімді жағдай жасау.Шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыру.

«ЖАЗ.BALA.FEST» жазғы демалыс алаңы – 70 бала

«ЖАЗ.BALA.FEST» аз қамтылған арнайы санат оқушыларына мектеп жанындағы дәруменді тамақпен қамтылған лагерь – 30 бала

Қала сыртындағы «Көкжар- Бәйтерек» демалыс лагерьі - 10 бала.

«Күншуақ» облыстық демалыс лагерьі – 2 бала

Халықты қолдау қорынан – «Шұғыла» демалыс лагерьіне - 6 бала

«Балдәурен Қонаев» республикалық оқу- сауықтыру орталығы – 1 бала

2023-2024 оқу жылы Құрман орта мектебінде балалардың жазғы демалыс уақытын тиімді пайдаланып сауықтырылуын және шығармашылығын дамытуын қамтамасыз ету мақсатында арнайы санат оқушыларына мектеп жанындағы тамақпен қамтылатын лагерь және мектеп жанындағы «Жарқын жаз» демалыс алаңы ұйымдастырылды. Жазғы сауықтыру маусымында лагерьде балалардың қабылдау дайындығын, өрт қауіпсіздігін, санитарлық- гигиеналық талаптардың бақылануы мен сақталуы қамтамасыз етілді. Лагерьдің жұмыс регламенті,жоспары, жауапты қызметкерлердің лауазымдық міндеттері, оқушылардың өмір қауіпсіздігінің жауапкершілігі, құжаттардың талапқа сай жүргізілуі, тізімі бұйрықпен бекітілді. Лагерьге келген әр оқушы өздерін жаңа қырларынан танытып, сабақта алған мәліметтерін өмірде қолдана білуге үйренді, жоспар бойынша шаралар уақытылы өткізілді.

Сонымен қатар «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры аясында 5 оқушы Ақтөбе қаласындағы «Gampit», 7 оқушы Түркістан қаласындағы «Қуаныш» лагерьінде демалды.

Мектеп бойынша оқушылардың тізімі жинақталып, оқушының әлеуметтік жағдай, ата-анасы туралы мәліметтер анықталды. Көп балалы, аз қамтылған, жетім және жартылай жетім, қамқорлықтағы(болған жағдайда) , мүмкіндігі шектеулі (мүгедек) және патронаттық тәрбиедегі(болған жағдайда) оқушылардың тізімі жасақталып, осы тізім бойынша оларға материалдық көмектер берілді. Тізім негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасақталынған.

Құрман орта мектебінің **2022-2023** оқу жылындағы әлеуметтік паспорты жасалған

№	Мәліметтер	Саны
1	Жалпы оқушылар	182
	Ұл балалар	90
	Қыз балалар	92
	Ұлттық құрамы:	Қазақтар 100%
	Қазақ	-

	Орыс Өзге ұлт өкілдері Бастауыш ынып оқушылар(Орта буын оқушылар Жоғары сынып оқушылар	- 63 90 29
2	Әлеуметтік жағдайы Барлық отбасы: Толық отбасы: Ондағы бала саны:	 96 85 160
3	Толық емес отбасында тәрбиеленіп отырған бала Оның ішінде: Әкесі қайтыс болған: Әке анықталмаған(танылмаған) Анасы қайтыс болған: Ата-анасы ажырасқан: Ата-әжесімен тұратын:	11 отб\22 бала 5отб 12бала 2 отб\2 бала 2отб\ 5 бала 2 отб\3 бала 4отб\6 бала
4	Аз қамтылған отбасы Онда тәрбиеленіп отқан бала	5 11
5	Көп балалы отбасы Онда тәрбиеленіп отқан бала	41 106
6	Сәтсіз отбасында тәрбиеленіп отырған бала саны Оның ішінде: Өгей әкемен тұратын бала саны: Өгей анамен тұратын бала саны:	- - - -
7	Мұғалім тарапынан көмек қажет ететін оқушылар тізімі Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала саны Оның ішінде: Патронаттық тәрбиеде Қамқоршылық тәрбиеде Мүмкіндігі шектеулі	- - - - - -

	<p>Оның ішінде:</p> <p>Мүгедек бала</p> <p>Үйден оқитын бала</p> <p>Есепте тұрған оқушылар саны:</p> <p>Оның ішінде:</p> <p>Мектепшілік есепте</p> <p>Аудандық полиция бөлімінде</p> <p>Дене шынықтыру пәнінен денсаулығына байланысты босатылған оқушылар саны:</p>	<p>5</p> <p>3</p> <p>2</p> <p>-</p> <p>-</p> <p>-</p> <p>-</p> <p>1</p>
8	<p>Арнайы түзету мекемесінде болған ата ана саны</p> <p>Арнайы түзету мекемесінде болған туыстар саны</p>	<p>-</p> <p>-</p>
9	<p>Дін жолында жүрген отбасы</p> <p>Ондағы балалар саны:</p>	<p>-</p> <p>-</p>
10	<p>Ата-ана құрамы:</p> <p>Мүгедек ата- аналар саны</p> <p>Зейнеткер ата- аналар саны</p> <p>Жоғары білімді ата- аналар саны</p> <p>Кәсіби орта білімі бар ата- аналар саны</p> <p>Кәсіпкер ата- аналар саны</p> <p>Кіші кәсіпкер ата- аналар саны</p>	<p>әке-4, ана-жок</p> <p>Әке-1, ана-жок</p> <p>Әке-10\ ана-21</p> <p>Әке-16\ ана-22</p> <p>Әке-9, ана-0</p> <p>әке-3\ана-2</p>
11	<p>Отбасы жағдайы:</p> <p>Жеке үйде тұратын отбасылар саны</p> <p>оның ішінде бала саны</p> <p>Көп қабатты үйде тұратын отбасылар саны</p> <p>Оның ішінде бала саны</p> <p>Жалдамалы үйде тұратын отбасылар саны</p> <p>Оның ішінде бала саны</p> <p>Жатақханада тұратын отбасылар саны</p> <p>Оның ішінде бала саны</p>	<p>96</p> <p>182</p> <p>-</p> <p>-</p> <p>-</p> <p>-</p> <p>-</p>
12	Оқушылардың мектептен тыс үйірмелерге қатысымы	

	Оның ішінде: Спорт мектебіне Саз мектебіне Оқушылар үйіне	36 - -
13	Ыстық тамақпен қамтылуы: Оның ішінде: 1-4 сынып оқушылары 5-9 сынып оқушылары 10-11 сынып оқушылары	38 бала 16 18 4

Құрман орта мектебінің **2023-2024** оқу жылының соңындағы әлеуметтік паспорты жасалды.(Әлеуметтік паспорт тоқсан сайын өзгеріп отырады)

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
	Барлық оқушылар	160	100%
	Отбасы түрі бойынша:	Барлығы-89 отбасы	100%
1.	Толық отбасылар	80	90%
2.	Толық емес отбасылар	9	10%
3.	Анасы жоқ балалар	2	1,25%
4.	Әкесі жоқ балалар	6	4%
5.	Көп балалы отбасы	37	41,5%
6.	Азаматсыз етілген отбасы	12	13%
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	-	-
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	5	3%
9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	-	-
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-	-
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-	-
12.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	-	-
	Ата-аналарының білімі:		
1.	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	34	20%
2.	Техникалық және кәсіптік	34	20%
3.	Орта	101	60%

4, 9-сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

Талдау нәтижелері: Оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау бағытында білім беру деңгейлерін бітіруші 4, 9-сыныптардан тестілеу кесінділері алынды. Компьютерлік тестілеу офлайн түрінде өткізілді. Тестілеу кезіндегі пайыздық қатынас бағалау шәкілімен айқындалды. Материалдарды зерделеу барысында 4-сыныпта 57,8 %, 9-сыныпта 80 %, Тестілік бақылауға оқыту нәтижелерін бағалауға жататын барлық тиісті бір білім деңгейі бойынша контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың қатысуы 100%-дан жоғары, яғни сәйкес келеді. Білім беру ұйымында бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері төмендегідей:

№	Сыныбы	Тізім бойынша оқушылар саны	Нақты қатысқан оқушылар саны	Бағалар саны 5	Бағалар саны 4	Бағалар саны 3	Бағалар саны 2	Орташа балл	Оң бағалар %
1	4-сынып	19	19	0	1	10	8	20,6	57,8%
2	9-сынып	15	15	0	1	8	6	26,2	80%

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

8.Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респондентердің сауалнамасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2023 жылдың 16-17 қыркүйек аралығында білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-қосымшасында талап етілгендей бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын- 4, 9 кластарға сабақ беретін – 24 педагогі тізім бойынша 100 % қатысып, 97,1 % сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5- балға сәйкес деп, 4, 9-сыныптардың білім алушыларынан 100 % қатысып, 87,1 % көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанғандығын және олардың ата-аналарының (заңды өкілдеріне) 33-і қатысып -96,1,% білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5- балға сәйкес деп бағаланды.

4-9 оқушы

№	Сұрақ	толық келісемін	Келісемін /иә	Келіспеймін /жоқ	толық келіспеймін
1	Мен өз мектебімде оқуға қызығамын	23	7	2	0
2	Класта достарым бар	20	12	0	0
3	Менің сүйікті мұғалімдерім бар	14	6	2	0
4	Біздің мектеп мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады	15	15	1	0
5	Сабақта Мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын	16	15	0	1
6	Сабақта мұғалім менің мінез-құлқымды емес, менің білімімді бағалайды	14	17	0	1
7	Мектептің материалдық базасының жағдай жақсартуды қажет етеді	6	20	6	0
8	Менің мектебімде өзіндік және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп	4	18	8	0
9	Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы	11	18	2	0
10	Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын	11	19	2	0
11	Мен өз құқығымды білемін	13	17	0	0
12	Мен үйірмелерге, секцияларға, барамын	5	20	4	3
13	Менде мектептің қоғамдық өміріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар	5	23	3	0
14	Мектеп үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің жетістіктерім байқалады	5	24	2	0
15	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын	14	17	0	0
16	Мектепте балалар арасында қорқыту, қысым көрсету фактілері бар	1	7	16	7
	Барлығы:	34,5%	50%	9,3%	2,3%

4-9 сынып білім алушыларымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан оқушы саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	32	34,5%	50%	9,3%	2,3%
96,1%-5 балл					

4-9 сынып білім алушыларының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	Менің балам мектепке қуана барады	16	16	0	1

2	Сыныпта қолайлы атмосфера бар	13	19	0	1
3	Мектеп сапалы білім береді	14	17	1	1
4	Оқу пәндері менің балама оңай беріледі	7	24	0	1
5	Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды	11	21	0	1
6	Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді	10	23	0	0
7	Мектепте қолданылатын оқығудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды	8	23	1	1
8	Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын	9	23	1	0
9	Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын	6	26	0	1
10	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын	15	17	0	1
11	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі	14	15	2	1
12	Мен мектеп асханасы\буфет жұмысымен қанағаттанамын	14	19	0	0
13	Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды	12	19	0	2
14	Баламның өмірі мен денсаулығына мектепте қауіпсіз жағдай қарастырылған	7	25	1	0
15	Мектепте балалардың талапқа сай білім алуына материалдық-техникалық база жарақтандырылған	6	25	2	0
16	Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын	8	22	2	1
17	Мектеп өміріне қатысуға ниет бар	9	23	1	0
18	Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	7	22	3	1
	Барлығы: 31	32,2%	65.7,%	2,4%	0,2%

4-9 сынып білім алушыларының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан ата-ана саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	31	32,2%	65.7,%	2,4%	0,2%
87,9%-5 балл					

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтармен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	18	6	1	
2	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын	8	17	0	0
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын	9	15	1	0
4	Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	8	15	1	1

5	Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді	7	15	1	0
6	Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын	4	17	2	1
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	3	20	1	0
8	Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын	5	19	0	0
9	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын	6	17	1	0
10	Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынды	2	18	3	1
11	Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған	3	18	1	2
12	Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген	2	21	1	0
13	Мен сабақ өткізетін кластардағы балалар білім алуға ынталы	4	18	2	0
14	Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	6	18	0	0
15	Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысым жақсы жолға қойылған .	5	18	0	0
16	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	1	20	3	0
Барлығы:		26,3%	70,8%	4,7%	1,3%

1-9 сынып білім алушыларына сабақ беретін педагогтерге жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан педагог саны	толық келісемін	келісемін/ нә	келіспеймін/ жоқ	толық келіспеймін
1	24	26,3%	70,8%	4,7%	1,3%
97,1%-5 балл					

10.Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

- 1.Іс тәжірибе алмасу, озық тәжірибелерді енгізу, ғылыми тұрғыда дамыту бағыты бойынша сынып жетекшілерінің жұмысы өзара тәрбие сағаттарына ену мен сынып жетекшілерінің отырысымен шектелген.
- 2.Білім алушыларды шығармашылық, зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелерін жетілдіру.
3. Мектептің материалдық-техникалық базасының «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» №70 бұйрықта көрсетілген өлшемшарттардағы талаптардың кейбір кабинеттерде ішінара орындалмауы.

Қорытындылар мен ұсыныстар

1. Пән мұғалімдерінің білім алушыларды түрлі білім саласындағы жарыстар мен конкурстарға қатыстыруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы «7» желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген байқау тізімдерін басшылыққа алынған.
2. Пән мұғалімдерінің кейбір пәндерден оқушылар жетістігін зерделей отырып, үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстарды жүйелі жүргізілген;
3. Мектептің материалдық-техникалық базасы мемлекеттік білім беру стандартын толық көлемде орындауға, оқу үрдісі мен сыныптан тыс іс-шараларды қажетті әдістемелік деңгейде жүргізуге толық мүмкіндік жасайды. Пән кабинеттері толық жабдықталып, қажетті құралдармен қамтамасыз етілген.
- 4.ҚР тәрбиеге қатысты нормативтік талаптары орындалған. Тәрбиенің кешенді бағдарламасы бойынша барлық бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізілді. Мектептің оқу-әдістемелік жұмысының құрылымы жасалып, негізгі бағыттар бойынша жұмыстар айқындалған, оқу-әдістемелік жұмыстардың бағыттары бойынша жұмыстар жүйеленген, барлық бағыттарының құжаттары тіркеліп жинақталған. Мектептің әдістемелік қызметінің жүйесі, бағыттары бойынша нормативтік талаптар орындалған.
5. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ПМПК қорытындысы бойынша денсаулық жағдайына байланысты оқытылатын балаларға жеңілдетілген (қысқартылған) оқу бағдарламаларын әзірленіп және жинақталған;
- 6.«Ақтөбе облысының білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ «Құрман орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталған.

Комиссия төрағасы:



[Signature]
(қолы)

Таушанова Нурлыгул Жарылгасиновна
(толық аты-жөні)

Комиссия мүшелері:

[Signature]
(қолы)

Нурмағамбетова Майра Калқамановна
(толық аты-жөні)

[Signature]
(қолы)

Аманбаева Бағлаш Тастемировна
(толық аты-жөні)

[Signature]
(қолы)

Мысағалиева Асемгул Токешовна
(толық аты-жөні)

[Signature]
(қолы)

Мединаева Гулнар Максотовна
(толық аты-жөні)

[Signature]
(қолы)

Наубетов Мұрат Саматұлы
(толық аты-жөні)

[Signature]
(қолы)

Тайборина Шынарғұл Алимовна
(толық аты-жөні)